ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 қыркүйек №2301-24-00-2/2574 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «BELES» - Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабек,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «BELES» Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BELES» - Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер ««BELES» Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабектен 1 846 (бір мың сегіз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 24.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 01.11.2024
2301-24-3-1/2757

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылдың 01 қарашасында енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 24.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 01.11.2024
2301-24-3-1/2757